




Бекітемін: *К. Муринова*
МКҚК №6 «Ақкөгершін»
бөбекжай-балабақшасының
менгерушісі: К.Муринова

**№6 «Ақкөгершін» бөбекжай балабақшасының
2024-2025 оқу жылына арналған
музыка іс-әрекеттің
перспективалық жоспары**

(Кіші топ)

Хромтау қаласы

**Музыка жетекшісінің 2024-2025 оқу жылына
арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: МКҚК №6 «Ақкөгершін» бөбекжай балабақшасы

Тобы: Кіші топтар «Айгөлек», «Балапан».

Балалардың жасы: 2 жас

Музыка жетекшісі: Жанабаева Н.Б.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтижелер
Қыркүйек	Музыка	Музыкаға деген қызығушылықты ояту, музыка тыңдауға, ән айтуға, карапайым би қимылдарын орындауға баулу.	Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдайды.
Қазан		Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу. Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білу.	Музыкалық шығармалардың сипатын ажыратады (баяу және көңілді әндер).
Қараша		Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу.	Қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажыратады.
Желтоқсан		Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін	Педагогтің дауыс ырғағына,

		әңгімелерге қызықтыру.	сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, жекелеген сөздер мен буындарды қосып айтады.
Қантар		Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау.	Әндегі сөз тіркестерін айтады (ересектермен бірге).
Ақпан		Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ), оның ішінде қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяк, сырнай) дыбыстарымен таныстыру.	Музыкалық аспаптарды ажыратады (барабан, бубен, сылдырмақ, асатаяк) бұрын естіген әндерді таниды.
Наурыз		Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту, педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту. Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру.	Ересектердің көрсеткен қимылдарын қайталайды (шапалақтайды, аяқтарын тарсылдатады, қолдың білектерін айналдырады).
Сәуір		Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу; денені оңға, солға бұру, басты	Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсетеді (қоян секіреді, құс ұшады).

		оңға, солға ию, қолдарды сермеу. Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар), ойындар мен әндерді сахналау.	
Мамыр		Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту. Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу.	Музыкалық-ырғақтық қимылдарды: денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеуді орындайды.